




## Негізгі түйіндер

## 2015 ж. шілдесінде экономиканың өсу қарқындары баяулады

2015ж. қаңтар-шілдесінде қысқа мерзімді экономикалық индикатор өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 101,7%-ға дейін баяулады. Сонымен қатар, көліктен бөлек, экономиканың барлық негізгі салаларында өсу үрдісі сақталған.



\*-индикатор экономиканың даму үрдісін сипаттайды және шығару индексінің мынадай базалық салалар бойынша өзгеруіне негізделеді: ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс. Осы салалардың ІЖӨ-дегі көлемі 67-68%-ды құрайды.

## 1. Макроэкономикалық индикаторлар

## 1.1. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер

р/с№	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2015ж. қаңтар-шілде	2015ж. Шілдесі	% -бен		2015ж. шілдесі 2015ж. маусымына
					2014ж. қаңтар-шілдесіне	2014ж. шілдесіне	
А		Б	1	2	3	4	5
1	<b>ІЖӨ (2015ж. қаңтар-маусым үшін алдын-ала деректер)</b>	млрд. теңге	<b>17 091.3</b>		<b>101,7</b>		
2	Өнеркәсіп	млрд. теңге	7 944.0	1 127.5	100.2	97.9	96.2
3	Ауылшаруашылығы	млрд. теңге	804.4	192.7	102.9	102.5	121.2
4	Құрылыс	млрд. теңге	1 270.4	333.7	104.8	104.2	120.4
5	Көлік (жүк айналымы)	млрд. т.км.	282.1	43.7	93.6	89.4	107.3
6	Байланыс	млрд. теңге	395.8	57.6	102.8	99.6	102.3
7	Сауда	млрд. теңге	3 328.2	537.7	102.9	103.3	100.4
8	Негізгі капиталға инвестициялар	млрд. теңге	3 319.3	631.8	104.0	102.6	91.3
9	Тұтыну бағасының индексі (ТБИ)	%	-	-	105.0	103.9	100.1
10	Жұмыссыздық деңгейі (бағалау)	%	-	4.9	-	-	-

## Бір айға кешігумен қалыптастырылатын көрсеткіштер

№пп	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2015ж. қаңтар-маусымы	2015ж. маусымы	% -бен		2015ж. маусым 2015ж. мамырына
					2014ж. қаңтар-маусымына	2014ж. маусымына	
А		Б	1	2	3	4	5
1	Сыртқы сауда айналымы	млн. долл.	39 522.1	7 083.7	63.9	68.9	105.7
1.1.	- экспорт	млн. долл.	24 059.3	4 257.7	56.6	65.4	106.2
1.2.	- импорт	млн. долл.	15 462.8	2 826.0	80.2	75.1	105.0
2	Орташа жан басына шаққандағы ном.ақшалай кіріс	мың теңге	374.7	63.6	104.3	100.7	100.8
3	Орташа айлық номиналды жалақы	мың теңге	-	124.2	105.2	102.9	104.7
4	Нақты жалақы индексі	%	-	-	100.0	98.6	104.3

Ескерту: Шолуды дайындау барысында Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (ҰЭМК), ҚР Ұлттық Банкінің, ТМД Статкомитетінің, Еуростаттың, РФ Мемлекеттік статистика Федералдық қызметінің деректері қолданылған. СК оларды нақтылауға, қайта санауға орай деректерде қарқынды бірқатар өзгерістер болуы ықтимал.

Қабылданған қысқарулар: ІЖӨ-ішкі жалпы өнім, ТМД-Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы, НКИ-нақты көлем индексі, ТБИ - тұтыну бағасының индексі

\* - бағалау



## 1.2. Экономикадағы оң және теріс өзгерістер

2015 жылдың қаңтар-шілдесінде көліктен бөлек экономиканың негізгі салаларының барлығында өсу үрдістері өзгерген жоқ.

## Оң үдерістер

р/с №	2015ж. қаңтар-шілдесі %-бен 2014 қаңтар-шілдесіне	Факторлар	Анықтама үшін: 2015 ж. қаңтар-маусымы %-бен 2014ж. қаңтар-маусымына
1. ИЖӨ (2015ж. қаңтар-маусым үшін алдын-ала деректер)	101,7	іс жүзінде барлық компоненттердің өсуі	
2. Өнеркәсіп	100.2	тау-кен саласындағы өсу қарқындарының баяулауы	100.6
2-1. Тау-кен өндіру саласы	100.2	металл рудаларын өндіруінің төмендеуі	101.1
2-2. Өңдеу саласы	100.8	металлургия өнеркәсібінде өндіріс көлемдерінің ұлғаюы	100.3
3. Ауылшаруашылығы	102.9	мал шаруашылы мен өсімдік шаруашылығындағы өнімдер шығарудың ұлғаюы	103.0
4. Құрылыс	104.8	құрылыс-монтаждау және ағымдағы жөндеу жұмыстары көлемдерінің ұлғаюы	105.1
5. Байланыс	102.8	Интернет желісі мен басқа телекоммуникациялық қызметтерінің ұлғаюы	103.4
6. Сауда (бөлшек тауар айналымы)	102.9	базарлар мен жеке кәсіпкерлер саудасының өсуінің жалғасуы	102.9
7. Негізгі капиталға инвестициялар	104.0	меншік қаражаты есебінен негізгі капиталға қаржыландырудың ұлғаюы	104.4
8. Инфляция	105.0	азық-түлік тауарларындағы бағалар деңгейінің төмендеуі	105.2

2015 ж. қаңтар-шілдесінде көлік саласында жүк айналым көрсеткіштері төмендеді. Импорт пен экспорттың қысқаруы сыртқы сауда айналымының төмендеу қарқынының ұлғаюына себепші болды.

## Теріс өзгерістер

№пп	2015ж. қаңтар-шілдесі %-бен 2014 қаңтар-шілдесіне	Факторлар	Анықтама үшін: 2015 ж. қаңтар-маусымы %-бен 2014ж. қаңтар-маусымына
9. Көлік (жүк айналымы)	93.6	теміржол көлігіндегі жүк айналымының азаюы	94.4
10. Сыртқы сауда айналымы (2015 ж. қаң.-мау. %-бен 2014 ж. қаң.-маусымына және 2015 ж. қаң.-мам. %-бен 2014 ж. қаң.-мамырына )	63.9	экспорт пен импорттың төмендеуі	63.8
10-1. Сыртқы сауда айналымы: экспорт (2015 ж. қаң.-мау. %-бен 2014 ж. қаң.-маусымына және 2015 ж. қаң.-мам. %-бен 2014 ж. қаң.-мамырына )	56.6	минералды өнімдер, соның ішінде отын-энергетикалық тауарлар бойынша экспорттық түсімдердің қысқаруы	55.6
10-2. Сыртқы сауда айналымы: импорт (2015 ж. қаң.-мау. %-бен 2014 ж. қаң.-маусымына және 2015 ж. қаң.-мам. %-бен 2014 ж. қаң.-мамырына )	80.2	жабдықтар мен машиналар импортының қысқаруы	82.9




## Жалпы ішкі өнім

## 1.3. ЖІӨ өндіріс әдісімен

## 2015ж. қаңтар-маусым үшін ІЖӨ 1,7%-ға өсті

ҰЭМСК-нің алдын-ала деректері бойынша, ЖІӨ 2015ж. қаңтар-маусымында нақты көрсеткіште 1,7%-ға ұлғайып, 17,09 трлн. болды.

Тауарлар өндірісі 1,3%-ға, ал қызмет көрсету 3,3%-ға өсті. 2014 жылғы осы көрсеткіштермен салыстырғанда, қызметтерді өндіруінің өсуі 2,1%-ға дейін баяулады, бұл ретте ЖІӨ құрамындағы қызметтердің үлесі 57,7%-ға дейін өсті.



Қызмет көрсету секторы, мұнда іс жүзінде барлық негізгі құрамдас бөліктер өсуді көрсетті, 2015ж. қаңтар-маусымында экономиканың драйвері ролін атқарды


## 1.4. Түпкілікті пайдалану әдісімен ЖІӨ

## 2015 жылдың 1 тоқсанында түпкілікті пайдалану әдісімен ЖІӨ 2,0%-ға ұлғайды

ҰЭМСК деректері бойынша, 2015ж. 1 тоқсанында ЖІӨ нақты көрсеткіш бойынша 2,0%-ға ұлғайып, 6,89 трлн.теңге болды. Түпкілікті тұтыну шығыстары 4,1%-ға өсті, жалпы жинақтау 2014 жылдың тиісті кезеңіне шаққанда 2,0%-ға өсті.

Өсуге мем. басқару органдарының (4,2%-ға), үй шаруашылықтарының (4,1%-ға), ҰШҚҚ\* (4,0%-ға) түпкілікті тұтыну шығыстарының, сондай-ақ негізгі капиталды жинақтау шығыстарының ұлғаюы (2,6%-ға өсу) себепші болды.

Таза экспорттың үлесі экспорт үлесінің төмендеуіне (15,4%-ға) және тауарлар мен қызметтерінің импорты үлесінің өсуіне орай (4,1%-ға) 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 19,5%-ға төмендеді.



\*- ҰШҚҚҮ - үй шаруашылықтарына қызмет көрсетуші коммерциялық емес ұйымдар


## 1.5. ТМД елдеріндегі ЖІӨ

## 2015 жылдың 2-тоқсанының қорытындылары бойынша - Өзбекстан ЖІӨ-нің өсуі бойынша көшбасшы

ҰЭМСК және ТМД Статистикалық Комитетінің деректері бойынша 2015ж. 2 тоқсанында ТМД елдерінің арасында ЖІӨ-нің 2014 жылдың тиісті кезеңіне қатысты ең көп өсу Өзбекстанға тиесілі (8,1%-ға өсу). Украинада 2015 жылдың 2 тоқсанында ЖІӨ-нің 14,7%-ға төмендеуі байқалды.

1 - Молдова бойынша 2015 жылдың 1-ші тоқсанындағы мәліметтер келтірілген

2 - Армения бойынша 2015 жылдың 1-ші тоқсанындағы мәліметтер келтірілген





## 1.6. Негізгі ықпал ету факторлары

**Мұнайдың бағасы**

Мұнай бағасының өзгеруі өнеркәсіптегі баға деңгейіне және тиісінше өндірістің құндық көлеміне айтарлықтай ықпал етеді. 2015 жылдың шілдесінде 2014ж. шілдесіне қатысты, Brent маркалы мұнайдың номиналды құны 47,8%-ға төмендеді, бұл ретте тау-кен өндіру саласында өндірістің нақты көлемі 5%-ға ұлғайды, ал тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемі ақшалай көрсеткіште 44,8%-ға төмендеді.

**Мұнайдың бағасы және өндіріс көлемі**


Өнеркәсіп өндірісінің негізгі үлесін өңделмеген мұнай өндірісі алып отыр, 2015ж. шілдесінде оның үлесі сәйкесінше 39,6%-ға тең болды.

2015ж. шілдесінде өңделмеген мұнайды өндіру (натуралды көрсеткіште) 2014ж. шілдесіне қарағанда 2,6%-ға төмендеді. Brent маркалы мұнайдың бағасы 2015ж. шілдесінде бір баррель үшін 55,9 долларға\* тең болды, бұл 2014ж. шілдесінен 51,1\$-ға төмен және 2015ж. маусымынан 6,4\$-ға төмен. **Тау-кен өндіру саласының жылдық НКІ-і 5,0%-ға төмендеп, ал айлық индекс - 2,6%-ға артты\*\*.**

2015ж. қаңтар-шілдесінде өңделмеген мұнайды өндірудің көлемі (натуралды көрсеткіште) 2014ж. тиісті кезеңіне 0,7%-ға ұлғайды.

\* - <http://econ.worldbank.org>

\*\* - <http://stat.gov.kz>: 2015 жылғы қаңтар-маусымындағы өнеркәсіп жұмысының көрсеткіштері

**Сыртқы сұраныс**


Қазақстандық экспорттың көп бөлігі Еуроодақ елдеріне (2015 жылдың қаңтар-маусымындағы ЕО-қа бағытталған экспорттың үлесі 55,6%-ға тең болды), Қытайға (11,3%) және Ресейге (9,7%) жеткізілетіндіктен, Қазақстанның сыртқы саудасының көлемі осы елдердің экономикаларындағы ахуалына біршама тәуелді. 2015 жылдың 2-тоқсанында өткен жылдың тиісті кезеңіне қарағанда ЕО ІЖӨ-інің өсуі (28) 1,6%-ға тең болды, Қытайда ІЖӨ-нің өсуі 7%-ға тең болды, Ресейде бұл көрсеткіш 4,6%-ға төмендеді.

**Сыртқы сауда айналымы****2015ж. қаңтар-маусымы**

2015ж. қаңтар-маусымында сыртқы сауда айналымы 36,1%-ға төмендеді (экспорт 43,4%-ға, импорт - 19,8%-ға төмендеді). 2015ж. маусымында (2014 ж. маусымымен салыстырғанда) сыртқы сауда айналымы 31,1%-ға төмендеді (экспорт 34,6%-ға, импорт 24,9%-ға қысқарды).

Экспорттың құрылымында минералды өнімдер (2015ж. қаңтар-маусымында-75,3%), импортта - машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, құралдар және аппараттар (40,8%) басымдыққа ие.

2015 жылдың қаңтар-маусымында экспорт ЕЭО елдерімен 2014 жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 26,8%-ға қысқарды, импорт - 18,2%-ға төмендеді.

**Экономикадағы ақша ұсынысы**

Сыртқы нарықтардағы конъюнктураның өзгеруі (мұнай бағасының төмендеуі) экономиканы несиелендіруге теріс әсерін тигізді. АҚШ-тағы сандық жұмсарту бағдарламасының аяқталуы, дамушы мемлекеттердің нарықтарынан капиталдың дамыған елдерге ағыны өңірлік және отандық экономикаға әсерін тигізді. Сонымен қатар, 2014 жылы Ұлттық қор активтерінен экономиканы қолдау үшін қаражат бөлуге шешім қабылданды: банктер арқылы шағын және орта бизнес субъектілерін несиелендіруге бөлінген 100 млрд. теңге мөлшерінде қаражат толық игерілді, бұдан басқа, 250 млрд. теңге банктердің жұмыс істемейтін несиелерімен жұмыс істеу үшін құрылған «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ-тың жарғылық капиталын толықтыруға жіберілді.

**Несиелер бойынша берешек\***


**2015ж. қаңтар-шілдесінде несиелендірудің көлемі 12,1%-ға төмендеп, 10,64 трлн. теңгені құрды.**

Несиелендірудің жалпы көлемінің төмендеуі үрдісі белгіленді, 2015ж. шілденің аяғында өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда несиелендірудің көлемі 12,7%-ға төмендеген (2015ж. маусым айының соңында да 11,9%-ға төмендеуі байқалған).

2015 жылдың басынан шілде айының соңына дейін құрылыс, сауда және көлікті несиелендіру сәйкесінше 28,1%, 12,3% және 5,0%-ға төмендеген.

\* - кезең соңындағы деректер бойынша

\*\* - өндірістік емес сала, жеке қызмет






## 2. Экономиканың негізгі салаларындағы НКИ


## Тауарлар өндірісі

2.1. Өнеркәсіп**Өнеркәсіптегі шығару көлемдерінің өсу қарқындарының баяулауы**


Шілдеде өнеркәсіптегі шығару көлемдерінің өсу қарқындары шамалы баяулаған. 2015 жылдың қаңтар-шілдесінде өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2014 жылдың тиісті кезеңіне 0,2%-ға ұлғайды (2015 жылдың қаңтар-маусымында 0,6%-ға өсу, 2014ж. қаңтар-шілдесінде - 0,3%-ға төмендеу). Бұған тау-кен өндіру саласындағы өсуінің баяулауы себепші болды.

**Тау-кен өндіру - шығару көлемдерінің өсу қарқындарының баяулауы**


2015 жылдың қаңтар-шілдесінде тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемі 2014 жылғы тиісті кезеңіне 0,2%-ға өсті (2015ж. қаңтар-маусымында - 1,1%-ға өсу, 2014ж. қаңтар-шілдесінде - 0,5%-ға төмендеу). Өңделмеген мұнай өндіру 0,7%-ға өсті (2015 жылдың қаңтар-маусымында - 1,3%-ға өсу), табиғи газды өндіру 9,7%-ға, түсті металлдар рудаларын өндіру 4,2%-ға өсіп, ал металл рудаларын өндіру 0,7%-ға төмендеді.

**Өңдеу - шығару көлемдерінің өсу қарқындарының ұлғаюы**

2015ж. қаңтар-шілдесінде сала бойынша ұлғаю 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 0,8%-ды құрды (2015 ж. қаңтар-маусым үшін - 0,3%-ға ұлғаю). Асып және түсті металлдар өндірісінің 25,9%-ға өсуі металлургия өнеркәсібіндегі өндіріс көлемінің 15,7%-ға ұлғаюына себепші болды (2015 жылдың қаңтар-шілдесінде өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 35,5%-ды құрады).

2.2. Құрылыс**Өсу қарқындарының баяулауы**

2015 жылдың қаңтар-шілдесінде жүргізілген құрылыс жұмыстарының көлемі 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 4,8%-ға өсті. 2015 ж. қаңтар-шілдесінде өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда күрделі жөндеу жұмыстарының көлемі 18,8%-ға төмендеп, ал ағымдағы жөндеу жұмыстарының көлемі 4,2%-ға ұлғайды. Құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 7,3%-ға ұлғайып, құрылыс жұмыстары құрамындағы үлесі 87,8%-ға тең болды.






**2.3. Ауылшаруашылығы**

**Мал шаруашылығындағы өнім көлемдерінің өсуінің жалғасуы**

Ауылшаруашылығы секторы 2015 жылдың қаңтар-шілдесінде 2014 жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 2,9%-ға өсті (2015 жылдың қаңтар-маусымында - 3,0%-ға өсу, 2014 жылдың қаңтар-шілдесінде - 3,4%-ға өсу). Өсуге 2014 жылдың тиісті кезеңіне қарағанда мал шаруашылығындағы өнім көлемдерінің 3,0%-ға және өсімдік шаруашылығындағы өнім көлемдерінің 2,2%-ға ұлғаюы себепші болды.




**Қызмет көрсету саласы**

**2.4. Сауда**

**Тауар айналымындағы өсу үрдісінің сақталынуы**


2015ж. қаңтар-шілдесінде бөлшек тауар айналымы 2014ж. қаңтар-шілдесімен салыстырғанда 2,9%-ға ұлғайды (2015ж. қаңтар-маусымы - 2,9%-ға өсу, 2014ж. қаңтар-шілдесі - 12,4%-ға өсу). Негізгі итермелеуші фактор - жеке кәсіпкерлердің сауда көлемінің 6,6%-ға өсуі, бөлшек тауар айналымындағы бұлардың үлесі - 46,8%.



**2.5. Көлік**

**Жүк айналым көлемінің азаюы**


2015ж. қаңтар-шілдесінде көлік секторындағы жүк айналым көлемі 2014ж. қаңтар-шілдесімен салыстырғанда 6,4% азаюды көрсетті, бұл теміржол көлігіндегі жүк ағынының 14,7%-ға азаю себепші болды (оның жүк айналымының жалпы көлеміндегі үлесі - 46,7%).



**2.6. Байланыс**

**Өсудің баяулауы**

2015ж. қаңтар-шілдесінде байланыс қызметіндегі көлемінің ұлғаюы 2014ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 2,8%-ды құрады (2015ж. қаңтар-маусымында - 3,4%-ға өсу, 2014ж. қаңтар-шілдесінде - 9,3%-ға өсу). Өсудің негізгі факторлары - байланыс қызметтерінің құрамындағы үлесі 28,3 % болатын интернет желісінің қызметтерінен түскен кірістердің 20,6%-ға және байланыс қызметтерінің құрамындағы үлесі 14,5 % болатын өзге телекоммуникациялық қызметтер көлемінің 34,8 %-ға өсуі.






### 3. Инфляция

#### 3.1. Тұтыну бағаларының индексі

##### Инфляциядағы өсу қарқындарының баяулауы

2015 жылдың қаңтар-шілдесінде инфляцияның деңгейі 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 5,0%-ға тең болды, бұған азық-түлік тауарлары бағаларының төмендеуі себепші болды. 2015ж. шілдесінде инфляция өсуінің қарқыны жылдық есеппен алғанда 3,9%-ға дейін баяулады (2014ж. шілдесінде - 6,9%), айлық өсу 0,1%-ды құрады. 2015ж. шілдесінде азық-түлік тауарларының бағалары өткен айға қарағанда 0,3%-ға төмендеді.




### 4. Инвестициялар

#### 4.1. Негізгі капиталға инвестициялар

##### Инвестициялардың негізгі көзі - кәсіпорындардың меншікті қаражаты

2015ж. қаңтар-шілдесінде инвестициялардың өсу қарқыны 2014ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 4,0%-ға дейін артқан (2015ж. қаңтар-маусымында - 4,4%-ға өсу, 2014ж. қаңтар-шілдесінде - 5,5%-ға өсу). Инвестициялардың негізгі көзі - кәсіпорындардың меншікті қаражаты, бұлардың үлесі 59,7%-ды құрады.




### 6. Еңбек нарығы

#### 6.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

##### Жұмыссыздық деңгейі төмендеді

Соңғы 5 жылда жұмыссыздық деңгейі рекордтық төменгі көрсеткішке дейін төмендеді және 12 ай бойы 4,9-5,1% шекте қалып отыр. 2015 жылдың шілдесінде жұмыспен қамтылғандар саны 1,4%-ға азайып, ал жұмыссыздар саны 2,9%-ға төмендеп, нәтижесінде жұмыссыздық деңгейі 4,9%-ға дейін төмендеді.



#### 6.2. Халықтың кірістері

##### Халықтың нақты кірістерінің төмендеуі

2015 жылдың шілдесінде орташа айлық номиналды жалақының өсуі 2014 ж. шілдесімен салыстырғанда 0,6%-ды құрады (айлық есеппен алғанда өсу 1,3%-ға тең). 2015ж. маусымында нақты ақшалай кіріс 3,1%-ға төмендеді. 2015ж. шілдесінде нақты жалақы индексі де 3,2%-ға төмендеді.

